

АЛАТАУ

Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№6 (68) 7 ақпан 2025 жыл

К 80-летию Победы

АЙТКАЛИ КАНКУРОВ. КУДА ПОЗОВЕТ РОДИНА

В этом году исполняется 80 лет со дня Победы в Великой Отечественной войне. Казахстан отправил на фронт свыше 1 миллиона человек и более 600 тысяч (страшные цифры) из них не вернулись на Родину, оставшись на полях сражений на многочисленных фронтах или в братских могилах в тылу.

К сожалению, в наши дни свидетелей и участников той страшной, унесшей миллионы человеческих жизней, войны почти не осталось. По данным СМИ по состоянию на 20 января 2025 года в Казахстане проживает 120 ветеранов Великой Отечественной войны, а также 42.545 граждан, внесших вклад в Победу в ВОВ. В их числе: жители блокадного Ленинграда – 67 человек; бывшие несовершеннолетние узники концлагерей – 139 человек; супруги умершего лица с инвалидностью вследствие ранения, контузии, увечья или заболевания, полученных в период ВОВ – 743 человека; вдовы воинов, погибших (умерших, пропавших без вести) в ВОВ – 2 человека. А также самая многочисленная категория - труженики тыла – 41.594 человека. В Алматинской области числится всего несколько ветеранов войны, коим всем уже за 100 лет.

Областная газета «Алатау ардагері» в юбилейный год окончания войны планирует серию публикаций на данную тему. И сегодня первый наш материал о ветеране войны, жившем в Карасайском районе - Айткали Канкурове, 110-летие которого будет отмечаться в мае. Его жизнь - яркий пример служения Родине, любимому делу, народу.

Родился Айткали близ станции Сайхин нынешней Западно-Казахстанской области в 1915 году, незадолго до Великой Октябрьской революции. Поскольку родители Айткали рано ушли из жизни, его отдали на воспитание в детский дом имени революционера Феликса Дзержинского в районный центр Орда. Еще в школе он учился на отлично, проявил себя грамотным, аккуратным и ответственным учеником с превосходным каллиграфическим почерком. И неслучайно в 1934 году трудовая деятельность Айткали началась в городском управлении милиции города Уральска, куда его приняли сотрудником паспортного отдела.

С 1936 года по 1954, в числе которых были тяжелейшие годы войны СССР с Германией, служил в пограничных отрядах Среднеазиатского военного округа, дослужившись до звания капитана. Охранял восточные границы СССР, внося вклад в общую победу Красной Армии над фашистской Германией, и по праву заслужил почетное звание ветерана Великой Отечественной войны. Многие из того что было, из-за специфики его службы, «осталось за кадром», рассказывать было нельзя, но, судя

по высоким наградам и полученному ранению, Канкуров проявлял храбрость и отвагу при выполнении заданий командования по охране государственных границ. Да и 18 лет, отданные службе на границе, говорят о его большом опыте, профессионализме и востребованности у командования. Капитан Канкуров был награжден многочисленными орденами и медалями, включая Орден Великой Отечественной войны II степени, 2 ордена Красного Знамени, медали «За боевые заслуги», «За доблестный труд» и «Ветеран труда».

После демобилизации Айткали всецело ушел в гражданскую жизнь, помогая развивать послевоенную экономику советского Казахстана. С 1954 по 1978 год он активно работал в партийных органах, начиная с инструктора райисполкома, дойдя до заведующего общим отделом и помощника первого секретаря Каскеленского райкома партии. В 1958 году окончил двухгодичную экономическую школу, а в 1971 году — школу партийного актива. Трудовая деятельность Канкурова была



многогранной: он работал первым директором Каскеленского кинотеатра, занимал должность начальника штаба гражданской обороны Каскеленского района. Будучи пенсионером в 1978 году он продолжал трудиться в Комитете государственной безопасности (КГБ), где работал до 1981 года.

В течение своей жизни он неоднократно избирался членом райкома партии и депутатом Каскеленского районного совета народных депутатов.

Его заслуги были отмечены многочисленными наградами. Айткали Канкуров был хорошим семьянином. Вместе с супругой Зоей, также ветераном труда, воспитали четырех детей. Две дочери Батиса и Ирина работали педагогами в средней школе, старший сын Амир - инженером, а младший Владимир служил в Центральном аппарате КГБ, а затем в КНБ РК. Вышел на пенсию в звании подполковника. У него восемь внуков и двенадцать правнуков, которые пошли разными путями в жизни. Внуки, в основном, работают в сфере предпринимательства, фармацевтики и IT. Один из внуков, Станислав Канкуров, продолжил традиции деда и занимается общественно-политической деятельностью. Он был избран депутатом маслихата города Алматы трех созывов, работал председателем маслихата, на сегодняшний день является Председателем Алматинского филиала правящей партии. Сегодня имя Айткали Канкурова увековечено в городе Каскелен: в его честь названа одна из улиц районного центра. Кроме того, в преддверии 80-летия Великой Победы и 110-летия со дня его рождения, 15 мая его детьми и внуками будет открыт уголок памяти о легендарном пограничнике и государственном, партийном служащем в областном архиве. Эти шаги, несомненно, являются признанием его вклада в историю и развитие страны.

И хотя его уже более 30 лет нет с нами, его продолжение - дети, внуки. И если бы Канкурова старшего сегодня спросили, а где Вы работали, где служили? Он бы ответил примерно так: «Мы тогда не выбирали. Куда позовет Родина!»

Айткали Канкуров - не только ветеран войны и службы в пограничных войсках и КГБ, но и активный общественный деятель, чей пример вдохновляет будущие поколения.

Рамазан ЕЛЕШЕВ,
г. Каскелен

Деректер мен цифрлар

Алматы облысында өнер мектебі жекеменшікке сатылып кете жаздады

Sputnik. Алматы облысы Қарасай ауданында балалар өнер мектебі жекеменшікке сатылмақ болған, деп хабарлайды облыстық прокуратура.



Ведомствоның мәліметінше, заңды тұлға ауданы 1000 шаршы метрден асатын өнер мектебін заңсыз иемденбек болған.

«Апелляциялық сот инстанциясы прокурордың аудандық соттың өнер мектебін заңсыз сату туралы шешімінің күшін жою туралы өтінішін қолдады және мектеп мемлекет меншігіне қайтарылды. Қазіргі таңда ғимаратта жөндеу жұмыстары басталып, жақын арада 300-ден астам бала білім алады», - дейді прокуратура.

Айта кетейік, бұл ауданда балаларға арналған өнер мектептері жоқтың қасы.

Блогеры задержаны за вымогательство в Алматы

В Алматы полицейские задержали предпринимателя и двух блогеров по обращению потерпевшего, передает агентство Kazinform со ссылкой на polisia.kz.



Подозреваемые, используя шантаж и угрозы публикации компрометирующих материалов в соцсетях, вымогали 8 млн тенге.

- Кроме того, они пытались склонить потерпевшего к отказу от претензий на сумму 20 млн тенге, которую предприниматель обязан был выплатить по решению суда. Злоумышленники задержаны при получении 10 млн тенге. В соответствии со ст. 128 УПК РК они водворены в ИВС. По факту вымогательства возбуждено уголовное дело, - сообщили в пресс-службе МВД РК.

Алматы облысында 223 заңсыз қоқыс үйіндісі анықталды

2024 жылы экологиялық 129 тексеру жүргізілген. Нәтижесінде табиғатты пайдалануда 300 заң бұзшылық анықталған. Сәйкесінше, 6 млрд. 107 млн теңге айыппұл салынған.



Алматы облысы экология департаментінің басшысы Қонысбек Байеділовтың айтуынша, Алматы облысының экологиялық жағдайын жақсарту үшін кешенді Жол Қартасы бекітілген.

Бас құжаттағы басты бағыт-тұрмыстық қатты қалдықтарды өңдеуге ден қою. Облыста тұрмыстық қалдықтардың тек жиырма пайыздан астамы ғана қайта өңделеді, Мұның алдын алмаса, экологияға келетін кері әсері арта түспек. Айта кетейік, облыс көлемінде 223 заңсыз қоқыс үйіндісі анықталған. Бүгінгі күні бұлардың санын азайту жұмыстары жүргізілуде.



Жақсының жақсылығын айт...

ЕҢБЕГІМЕН ЕЛЕНГЕН ЖАН

Ұлы Абай айтпақшы, мына дүниенің кетігіне кірпіш болып қаланудың жолы әр пенденің маңдайына әрқалай болып жатады. Бүгінгі әңгімеміздің кейіпкері, аузын ашса жүрегі көрінетін, табиғатынан біртоға, салмақты азамат Сансызбаев Тұрлыбек Жоламанұлы өмірде өз орнын жақсы бір экономист, болмаса жақсы бір заң саласы қызметкерлігінен табар ма еді?! Бірақ адам жанының арашашысы аталатын дәрігер болуды Құдырет иесі оның маңдайына о бастан жазған көрінеді. Әңгімемізді сәл әріден бастайық...

Бала арманында шек бар ма? Дүние есігін сонау 1957 жылдың аязды ақпанының тоғызында Еңбекшіқазақ ауданының Малыбай елді мекенінде ашқан ол бала күнінен ақ дәрігер болуды армандапты. Сол кездегі бала қиялын айтпайсыз ба?! Қиялы арманға ұласып, шартарапқа шалқиды екен. Сол арманы орындалып, тағдыр жолы оған ақ халатты абзал жан атандырып, адам жанына араша болуды бұйыртқандай.

Мектеп бітірген соң сол кездегі Талғар медициналық училищесіне бет бұрғаны есінде. Оған баруға себеп болған үлкендердің берген ақыл кеңесі болса керек. Алған мамандығы бойынша еңбек жолы Алматы қаласындағы желел медициналық жәрдем көрсететін клиникалық ауруханада орта дәрежелі медициналық қызметкер болып басталды. Бұл қадамы келешек маманның осы мамандықты өміріне серік етудегі алғашқы баспалдағы болатын. Әрине алған білімін қанағат тұтып, осы мамандықтың басы-қасында жүре берсе болатын да еді. Алайда, өмір көрсеткендей, алған білімі өзіне аздық етті ме екен, ары қарай осы саланы терең меңгеру ойында болып, 1980 жылдары Алматы мемлекеттік институтының емдеу факультетіне түскені бар. Студенттік өмірге толы алты жылды артқа қалдырып, өзі еңбек жолын бастаған медициналық мекемесіне интернатурадан өтуге дәрігер болып оралды. Оның медициналық еңбек жолы осы кезден жалғасып кете берді. Интернатураны бітірген жас маманға Талғар аудандық ауруханасының хирургия бөліміне хирургтік мамандық ұсынылды. Осыдан бастап оның мамандығы бағытындағы ауыр да абыройлы еңбек жолының жылнамасы басталып кеткені бар. Осы жерде қызығы мен қиындығы қатар келген қарбалас жұмыстарды атқарып, мінсіз қызметімен таныла білді. Шын мәнінде адам жанының арашашысы болып, талай рет халықтан алғыс алғаны анық. Хирургтік мамандықтың өз ерекшелігі болатыны да рас. Мерекелерде түрлі жағдайлармен хирургия бөліміне ауру жандар көп түседі. Олардың арасында жол апатына ұшырап, жаракат алып, зардап шеккендер де жоқ емес. Осы кезде олардың әрқайсысына хирургтің аялы алақаны мен шипалы емі ауадай қажет.

Оның қолынан еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін ем алып, сауығып, қатарға оралып жатқаны қаншама?! Операция үстелінде жатқан адамдар қолы жеңіл Тұрлыбекке өз өмірлерін сеніп тапсыратын. Жүзінен ізгілік нұры төгіліп тұратын, албырт, шипалы қолды оташы дәрігерді алыстан іздеп келіп операция жасататындар да болғаны анық.

1990 жылдың мамыр айында Панфилов селосындағы аудандық ауруханаға бас дәрігердің емдеу жұмыстары жөніндегі орынбасары болып тағайындалды. Атқарған жұмысынан рухани ләззат алатын Тұрлыбек ұзамай ақ ұжымның сүйікті адамына айналған еді.

Кейін Талғардағы орталық аудандық аурухананың анестезиология және жан сақтау бөліміне анестезиологиялық дәрігер болып қызметі ауысты. Бұл қызметті де асқан жауапкершілікпен атқарып, ұжым құрметіне бөленіп жүрді.

Операция үстелі үстінде аяқ астынан неше түрлі жағдайлар болып тұратыны анық. Сондай жағдайлардың бірі науқас жанның қан жоғалтуынан қан керек болып қалатыны анық. Қан берген адам демалуы керек. Соған қарамастан осы бір сәтте науқас жанды ажалдан арашалап қалуды ойлап, шешім қабылдап, анестезиолог болып 7-8 сағат операция үстелінің жанында хирургпен қатар дем алмай тұрса да науқас жанға өз қанын беруі үлкен азаматтықтың белгісі деп қалай айтпайсың?!

Өзіне артылған сенім болса керек. Ұзамай анестезиология және жан сақтау бөлімінің меңгерушілігіне жоғарылатылды.

1996 жылы ақылы емхананың меңгерушісі болса, келесі жылы медицина қызметкерлері ассоциациясының шаруашылық есептегі емханасына меңгеруші болып қызмет бабымен ауыстырылды.

Адал еңбегі бағаланып, қызметі өсуден бір танбаған ол 1999 жылы «Талғар медициналық орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне директоры болып тағайындалғаны бар. Қашан да тынбай ізденетін Тұрлыбек заман ағымына сай сәулетті медицина орталығын армандады. Облыстық, аудандық басқосуларда биік мінберлерге шығып, Алматы облысының бас жоспарына енуіне қол жеткізді. Өзі директоры болып істеген жылдар-

да сәулетті жаңа медициналық ғимарат салдыртып, Талғар халқын, төңірегіндегі ауыл тұрғындарын зор қуанышқа кенелтті.

Елдің, көпшіліктің мұқтажын ойлайтын директор одан тысқары бюджет қызметкерлеріне, дәрігерлер мен мұғалімдерге арналған 70 пәтерлік үй құрылысын өз бастама-сымен бастады. Халық қамы үшін жанын, бар күш-жігерін салып қимылдайтын жігерлі директор бұл жерде де биіктен көрінді. Осы ғимараттың жобалау-сметалық құжаттарын әзірлетуге де жан-тәнімен кірісті. Тұрғын үй құрылысының тұрақты жүруін үнемі бақылауда ұстап отырды. Содан да болса керек, жаңа үйге қоныстанушылардың оған деген алғыстары қарша жауды.

Адам ағзасындағы сары су араласқан зиянды қанды аталары Құтыбай бақсы, Құртқа тәуіптер сүлік қою арқылы емдеген екен. Еуропа-лық медицина келмей тұрғанда даламызда оташы, бақсы, емші-тәуіптер мыңдаған ауруларды емдегені де анық. Инновация дегеніміз-міндетті түрде жаңалық ашу емес, бұрынғы ұмыт болған пайдалы әдіс-тәсілдерді қайтадан өмірге ендіру. Тұрлыбек осыны да назардан тыс қалдырмай, дәлелдеп, қосымша шығыс медицинасымен айналысты.

Басшы бола білген адам қарапайым еңбек адамы да бола біледі. Инемен емдеу-көнеден келе жатқан тәсіл. Ежелгі Тибет медицинасының жемісі. Қайта даярлықтан өгіп, осы саланы меңгерген Тұрлыбек білгір маман атанып, мыңдаған жылдар бойы тарихы бар Тибет медицинасының да құпиясын меңгерген еліміздің санаулы дәрігерлерінің бірі болды.

Әр кез жаңалықтың жаршысы болып жүретін Тұрлыбек көкейтесті мәселелерді қозғайды. Елімізде Шығыс медицинасының озық тәжірибесін дамыту оның назарында.

2006 жылы Талдықорғандағы тері-венерологиялық диспансердің бас дәрігері болып қызметке тағайындалды. Диспансер ескі үйде орналасқан екен. Мазасыз, жаңашыл басшы тағы да «ғимарат салынсын, күрделі жөндеу жүргізілсін» деп, облыс басшылығына талаптарын қойып, екі аяғы жерге тимей зыр жүгірді. Ақыры еңбегі еш болмай, жаңа ғимарат салынды. Тағы да жүрген жерінде жақсы атағы асыл



тастай жарқырады. «Артында ізі қалды» деген осы болар.

Бұдан кейін ол Алматы қаласындағы көпсалалы ауруханаға директор болды. Істеген жұмысы, атқарған қызметінде жақсы істерімен дараланатын Тұрлыбек аурухананың әйелдер босанатын бөліміне күрделі жөндеу жүргіздіртті. Сөйтіп ана мен жас нәресте жайына қатты көңіл бөлді. Аурухана ғимараты ескі, тоза бастаған болатын. Соның сейсмологиялық құрылымын жақсартты. Компьютер қондырғыларымен жабдықтап, іргелі істерін көрсете білді. Осы ауруханаға жасаған басқа да игілікті істерін айта берсек көп. Қарт Алатаудың көкпен ұласқан биік шыңдарындағы мұзарт күмісіндей жалтылдап артында ол атқарған ұлы істері қалды.

2008-2011 жылдарда қайтадан Талдықорғанға шақырылып, облыстық аурухананың директоры лауазымында еңбек етті. Жалпы ол қызметінде мекеменің болашағын ойлап, сол салада үлкен қыруар шаруалар атқарды. Басты ірі, кесек мәселелерді бірінші қойып, жанын салып, оны бітіргенше тыным таппайды. Бұл ретте өзіне де, өзеге де дұрыс талап қоя біледі. 2009 жылдың қаңтарынан бастап «аурухананың операция бөлімі өте ескірген, күрделі жөндеу жасау керек» деп облыстық жиындарда айтып жүрді. Ақыры өз дегеніне жетті. 60 миллион теңге бөлініп, күрделі жөндеу жүргізілді. Көтерген мәселесін аяғына дейін жеткізіп, оны орындатыру-оның қанына сіңген қасиеті.

Диагностикалық бөлмелер кеңейтіліп, айтарлықтай жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жансақтау бөлімін жақсартуға қол жеткізді. Орталық асханаға күрделі жөндеу жұмыстары жүрді. Оның тынымсыздығы, еңбекқорлығы ұжымына жақсылық, жаңалық, жетістік болып оралып жатады.

2011-2014 жылдар аралығында Қазақстан-Ресей медициналық университетінің жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру орталығы-

ның бас маманы болып еңбек етті.

2014-2015 жылдарда «Ер-ай» медициналық орталығының уролог-андролог дәрігері болып істеген. Бұл күндері құрметті еңбек демалысында болса да, жұмыстан қол үзген емес. Әлі де қатарда. «Талмед» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде және «Талмед Компани» медициналық орталығында уролог-андролог дәрігері болып еңбегін жалғастыруда. Еңбегімен еленген жанның жасаған істерін, артында қалған игілікті жұмыстарын әріптестері ғана емес, қара халық та біледі.

Өткен өмір жолына қарап отырса ол медицина саласында жарты ғасыр уақыт еңбек етіп, ғұмырының бар саналы кезеңін осы салаға арнапты. Осы жылдарда жұмыстың барлық басқышынан өткен Тұрлыбек өзін білікті басшы, ақыл парасаты мол, ой өрісі кең, алымды іскер адам екенін көрсете білді. Әр кезде істің ыңғайын қарай дұрыс, оң шешім қабылдап, жоспарланған жұмысын аяғына дейін жеткізіп, нәтижелі етіп аяқтау-оның сүйегіне сіңген әдеті.

Оның бойында адам үйренетін жақсы қасиеттері көп. Еңбекқорлық, елгезектік, ұшқырлық, табандылық, реттілік, жинақылық, алғырлық, парасаттылық, ақылдылық, адалдық секілі қасиеттерімен алтындай жарқырап көрініп, адамды баурап алады. Осындай асыл қасиеттерімен көрінген одан кейінгі жастар үлгі алып жатқаны анық.

Еңбегінің еленгені болар, өткен жылы «Еңбек ардагері» медалімен марапатталса, облыстың денсаулық саласын дамытуға қосқан еселі еңбегі үшін бірнеше рет облыстық денсаулық басқармасынан, облыстық әкімдіктен алған марапаттары бар. «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісінің үздігі» белгісімен марапатталған. Одан басқа таяуда Талғар ауданының Құрметті азаматтығына ұсынылған екен. Бұл да болса еңбек адамына берген баға, абыройы болып қала бермек.

Отбасы, ошақ қасында Тұрлыбек жары Сейсегүл екеуі екі ұл тәрбиелеп өсірді. Үлкен ұлы Ұлан-прокураторура саласының қызметкері. Кіші ұлы Рауан университеттің туризм факультетін бітірген. Бұл күндері сот орындаушы мамандығы бойынша еңбек етеді. Арнаулы медициналық орта білімі бар жары Сейсегүл өз мамандығы бойынша еңбек етіп, ол да еңбек зейнетіне шықты. Балаларынан тараған немерелеріне Тұрлыбек пен Сейсегүл сүйікті атасы мен әжесіне айналған. Солармен өсіп-өніп, бақытты ғұмыр кешіп жатыр деуге толық негіз бар. Адам бақыттың мәні де осы шығар.

СИҚЫМБЕКТИҢ Алтынбайы,
Талғар қаласы.

Жанында жүр жақсы адам

ӨМІРІ-ҮЛГІ

Өмір адамға бір-ақ рет беріледі, оны қызықты, мағыналы өткізу – әркімнің өз қолында. Сондықтан уысымыздағы бақыттан ажырамас үшін қиындықпен күресуден, сәттілік үшін сынға түсуден шаршамауымыз керек. Біз көбінесе жұлдызы жанған жандарға тамсанудан шаршамаймыз. «Қандай бақытты жан, жолы болғыш. Ондай болу қайда?» дейміз үнемі. Бірақ соларға қарап еңбектенуді, алға ұмтылуды тіпті ойламаймыз да. Бір адамның жеткен жетістігіне өзіміздің де жете алатынымыз қаперімізге кірмейді. Ол бағындырған биікке талаптансаңыз, сіз де жете аласыз. Ең бастысы, ынта болсын.

Қазақ қашан да қыз баланы ерекше қадірлеген. Басқа ошақтың түтінін түтететін, шырағын жағатын, оларды қонақ тұтып, төрден орын берген. Ақын мен батырды да, әнші мен күйшіні де, би мен шешенді де өмірге әкелген ардақты Ана. Сол себепті небір мықты да, алып та ананың алдында бас иген. «Ұлтыңды тәрбиелеймін десең, қызыңды тәрбиеле!» деген даналық сөздің мәні тым тереңде жатыр. Ел мақтаншы, даңқты батыр Бауыржан Момышұлының: «Жер бетіндегі ең батыр адам, ол – қыз. Мен қанша батыр болсам да бөтен, танымайтын

елде бір сағат та тұрғым келмей қашамын. Ал, қыз болса барған жерінде жалғыз өзі өмірінде көрмеген, танымайтын адамдармен тіл табысып, сол елді біріктіре, сыйлата да алады» деген сөзі Шайымхан Исаеваға арнап айтылғандай.

Олай болса Алматы облысында туылып, Шымкентке келін болған Шайымханның өмір жолына үңілейік. Ол 1953 жылы 29 қазанда Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарасу ауылында дүниеге келген. 1960 жылы сол жердегі мектепке барады. Бала кезінен бастап еңбекқорлыққа, шыдамдылыққа



бой үйретіп, сабырлы, ибалы, инабатты болып бойжетті. Еңбектің наны тәтті екенін осы кезде шындап ұғынды. Мектеп қабырғасында жүргенде көшбасшылық, ұйымдастырушылық қабілеттерімен көзге түсіп, үздік оқушылардың қатарында болды. 1968 жылы сегізінші сыныптан кейін Жамбыл қаласындағы мәдени-ағарту училищесіне түсіп, 1970 жылы бітіреді де, Ұзынағаштағы мәдениет үйінде автоклуб меңгерушісі болып істейді. 1971 жылы Қыздар

педагогикалық институтына түсіп, «Музыка пәні мұғалімі» болып шығып, зейнеткерлікке шыққанша ұстаздық қызметте болады. Студент кезінде шымкенттік жігітпен танысып, оңтүстікке келін болады. Арман-мақсаттары бір арнаға тоғысқан екі жас ізденуден танбай еңбек етті. Дүниеге бес бола келді. Әке, ана атты ұлағатты атаулардың жауапкершілігін сезіндіріп, өмірлерін мәнді де сәнді қылды. Өмірдің ыстық-суығын қатар көріп, ұлын ұлықты, қыздарын қылықты етіп өсірген Шайымхан әже кез-келген мәселелерді байсалдылықпен, тиянақты етіп шешетін, жаны жомарт жанмен жолықтырған Алла тағалаға сансыз шүкіршілік етеді. Жетістік пен кемшілік, қуаныш пен қайғыны қатар бөліскен олардың өмір жолы көпке үлгі. Екі жарты, бір бүтін болып ғұмыр кешкен олар, тіпті, туыстарын да ешқашан «сенікі», «менікі» деп бөлген емес. «Қонақ келсе құт келеді» демекші, үйлеріне келген қонақ рухани, мәдени байып қайтады. Сондықтан да туған-туыс, жора-жолдастарының ортасында беделді, сыйлы.

Қазір Алматы облысының Жамбыл ауданында тұратын бұл отбасы облыстық «Өнерлі отбасы» бай-

қауынан I-орын, Шайымханның өзі «Жыл мұғалімі» байқауынан I-орын алған. Өнерге тәрбиелеген шәкірттері аудандық, облыстық байқауларда үнемі жүлделі орындарды алып жүрді. Шайымхан-20 жылдан бері жұмысымен қатар, Ұзынағаштағы «Күміс Пармашқызы атындағы әжелер Халық ансамблінің» белді мүшесі. Ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, ұжыммен жақсы жұмыс істейді. Сабырлы, парасатты, жұмыс кезінде өзін өте мәдениетті ұстайды. Домбыра, баян, гитара, т.б. аспаптарда ойнайтын, әдемі дауыспен ән салатын шебер өнер адамы.

Шайымхан - Жамбыл ауданының «Құрметті азаматы», «ҚР білім беру ісінің үздігі», «Еңбек ардагері», «Ардақты ұстаз» медальдарының иегері, Қазақстанның «Алтын кітабына» енген.

Барлық қажыр-қайратын еліміздің ертеніне арнаған Шайымхан Исаеваға мықты денсаулық, қажымас қайрат, қазақ қыздарын, жігерлі жастарды тәрбиелеу ісіне үлес қосып жүре беруін тілейміз.

Күміс ПАРМАШҚЫЗЫ,
мәдениет қайраткері,
Жамбыл ауданының
Құрметті азаматы.

9-ақпан Мұқағали Мақатаевтың туған күні

НАҒИМАН АНА

ЭССЕ

Жалпы Мұқағали жайында бүгінге дейін кім қалай қалам толғаса да, бәрі де шындық пен ақиқаттан қаланып, малта тастай жұмырылған, болмысы бөлек дүниелер тұрғысында қалыптасқаны талас тудырмайды. Ақын туралы айтылар әңгіме, шертілер шежірелер мұнымен бітпек емес. Әлі де жалғасын тауып, жылды жылға ұзатып, ғасырды ғасырға тоғыстыра беретіні, тас бұлақтай арынды жырлары, жырымен жымдасқан тұмадай тұнық сырлары кезек – кезеңімен келген ұрпақты тамсандыра, табындыра берері анық.

Мұқағалиды өзім көрмесем де оның айналасындағы өзі пір тұтқан жақын туыстарымен аз ғана уақыт бірге болғаным, бір шаңырақтың астында дидарласа отырып, дәмдес болғаным есімде қалып қойыпты. Сол бір естен кетпес елеулі күндер бүгінде көз алдымда көлбеңдеп, ақынның туған күні қарсаңында қолыма қалам алмасыма қоймады. Сондықтан да ақын туралы емес, анасы жайында қалам тербегенді жөн санадым.

Журналист болуды қанша армандасам да осынау киелі мамандықтың оқуына түсу мен үшін алынбас қамалдай болды. Осыған дейін «қара шаңырақ» атанған ұлттық университеттің есігін екі рет ашып, тауым шағылып кайтқаным бар. «Жығылған күреске тоймайдының» керімен үйреніп қалған орынның есігін қағуға тағы да әзірленіп жүргенмін. Сол күндердің бірінде туған бөлем Қызылорда жақтың қызына үйленіп, аяулы анам бір қиырдағы құдалыққа сапар шекті. Бірнеше күн жолаушылап, жаңа құдалардың сый – құрметінен әсерленіп кайтқан ол кісі бұл жолы бұрын біз естімеген тың жаңалық та ала келді. Үлкен бөлемнің келіншегі Мұқағалидың екі туып, бір қалған қарындасы екенін бұрын білгенімізбен, ақынның отбасы, туған – туыстарымен ешқандай арақатынасымыз болған емес. Міне, енді құдалықтан кайтқан шешем әпкесі екеуі Алматыдағы Мұқағалидың анасының үйіне түсіпті. Көңілдері жарасып, сыры мен мұңы үйлесім тапқан үлкендер қызыл тілдің тізгінін босатып, армансыз әңгіме – дүкен құрса керек. Әңгіме арасында анам жазуға әуестеніп жүрген баласы жақында оқуға келетінін, емтихан тапсырғанша осы үйде жүре тұруын Нағиман анадан өтініп, ризашылығын алыпты.

Оқуға тапсыратын мезгіл жетіп, дағдылы әдетпен артынып – тартынып Алматыға бет түзедім. Қағазда жазылған мекен – жай бойынша Абай даңғылы мен С. Ковалевская көшесінің қиылысындағы бағыс жақтағы 5 қабатты үйдің 3-қабатына табан тіреп, оң қол жақтағы есіктің қоңырауын бастым. Есікті орта жасқа келген, етженді, қара торы әйел ашты. Келген жайымды, кім екенімді білген соң ішке қарай бастады. Бұл кісі осы үйдің отағасы, ақынның өзіне тете інісі Тоқтарбайдың зайыбы Бақыт деген жеңгей екен. Заттарымды қойып, жеңгейдің нұсқауымен екі әйел адамның әңгімесі естіліп тұрған төрті үйдің есігін имене аштым. Төргі керегеге ұсталған кілемнің жоғары жағын ала Мұқағалидың қолдан салынған, иегін қолымен сүйеп отырған бұрыннан өзіме таныс суреті көзіме оттай басылды. Кілем тұтқан қабырғаға сүйей қойылған төсектің үстінде әңгімелесіп отырған екі қарт ана сәлемімді алып, жайымды сұрады. Нағиман ананың суретінен таныс бейнесі жанды кейіпте қарсы алдымда отыр. Аққұба өңінен жылылық шуағы шашырап, ұшы иіліп келген мұрнының үстіне қондырған шынысы қалың көзәйнә-

гінің арғы жағындағы мейірімді көздері жан дүниемді бұрын кездеспеген әсерге бөлеп жүре берді. Ал, қасындағы кейуана Бақыт жеңгеміздің осы үйге қонаққа келген шешесі екен. Мән-жайыма қаныққан Нағиман апам ауылдың, үй-жайдың, шешемнің амандығын тасқаяқтай қағыстыра сұрап жатыр. Оқуға келгенімнен хабардар екенін айтып, аналық мейірімін де төгіп жатыр. Кешкілік жұмыстан оралған Тоқтарбай аға да жатырқап, жатсынбай жылы қабылдап, ағалық ақыл-кеңесін білдірді. Бірге тұрған аз уақыт ішінде көзім жеткені – отбасындағы үлкен – кішілердің кіршіксіз таза көңілі болды. Халқы таланттына табынған арқалы ақынды өмірге әкелдім деп анасының да, бірге тудым деп бауырының да, тіпті, сол үйдегі өсіп келе жатқан бала-шағаның да кеуде керіп мақтанғанын, алқынып, алшаңдағанын көрген емеспін. Бәрі де қарапайым. Сол қарапайымдылық, мейірім мен қайырым, қамқор көңіл, ыстық ықылас, күнделікті тірлікті місе тұтқан қанағатшыл кейіп үй-ішін жылылық нұрына шомылдырып тұрғандай. Сондықтан болар, ауылдан барған туыс-туған, жежжат-жұрат, дос-жарандардың ол үйге соқпайтыны некен – саяқ. Кім қайдан келсе де үй ішінің мейір шапағатына шомылып, өз ананың ақ батасын арқалап, риза көңілмен аттанатынына талай куә болдым.

Нағиман апамның көркем тілмен кестелеп айтатын әңгімесі тыңдарманның құлақ құрышын қандырып, әсерге бөлейтін. Өзі туып-өскен өлкенің өткен-кеткен тарихы, отызыншы, қыркыншы жылдардың нәубеті, ел басына төнген ауыртпалық шежіре боп шертіліп, өзіміз көрмеген отты кезеңді көз алдымызға алып келетін. Әңгімелей отырып, зұлмат жылдардың бүгінгі ұрпақтың басына қайта келмеуін тілеп отырушы еді. Ал, туған жері мен еліне деген сүйіспеншілігі, тас атқанға ас атқан ақ пейіл қағидасы, адамдарға деген қадір – құрметі ешкімге ұқсамайтын. Ақиық ақынның бойындағы адами құндылыққа толы қасиеттер осынау өр тұлғалы ананың қанымен де, ақ сүтімен де дарыған болар – ау деп ой түйсем қателеспеймін.

Оқуға келген бұл сапарымда да жолым болмады. Бұған Нағиман апам да, басқалар да өзімнен кем қиналған жоқ. Үлкен кісі ақылын айтып бәйек болғаны, көңілді жұбатудағы тырысқаны есімде.

- Балам, алған бетіңнен қайта көрме. Тауың шағылып, жігерің жасымасын. Жаның аман болсын. Алла жар болса, мақсатыңа жетерсің. Келесі жылы қайта кел. Оқуға түсуіңе мен кепіл, - деп сенімді сергітіп, үмітімді үкілегені есімде.

Келесі жылы арманымды арқалап өз анамның шаңырағына тағы да ат басын тіредім. Тағы да сол аузын ашса, жүрегі көрінетін ақ пейіл жандардың ортасындамын. Серігім - сол кісілердің ыстық ықыласы. Ертең емтихан деген күндері Нағиман апам алдын ала



Оқуға барған сайын, басқа жайға түссем де ол кісілерден қол үзген емеспін. Сабақтан бос күндері амандаса барып, әңгімесін тыңдап қайтамын. Бірде көшеде кездесіп қалған шонжылық курстасым Қуанышбек Қожахметовке Мұқағалидың анасына амандасып қайтуға бара жатқанымды айттым. «Қой, сен ол кісілерді қайдан білесің», - деп сөзім құлағына тосын естілгендей қалып танытты. «Сенбесең бірге жүр, қой емес, тай бересің», - деп қалжыңдалдым да ертіп алдым. Ол кезде Нағиман апам балаларымен «Жетісу» ықшам ауданынан берілген көп қабатты үйдің 5-қабатында 3 бөлмелі кең де жарық үйде тұрып жатқан болатын. Амандықтан кейін қасымдағы жігіттің өзімнен бірге оқитын жолдасым екенін, өзімнен арнайы амандастыра келгенімді айттым. Апам риза болып қалды. Ал, ертегідей естілетін ақынның анасын көргеніне, ақ баталы тілегін естігеніне жолдасым тіпті мәз. Ерtesі сабаққа келісімен

кешегі оқиғаны курстағыларға майын тамызға жеткізіпті. Сабаққа сәл кешігіңкіреп келген маған бәрі бейне басқа планетаның адамын көргендей таңдана қарап, Мұқағалидың інісі екенімді «ішіме сыйдырып» қалай жасырып жүргеніме көдімгідей наздарын айтып жатыр. Тағы бірде семейлік курстасымды да ертіп барып таныстырдым. Өзі де өлең жазумен шұғылданып әлгі жігіттің кетер-кеткеніне Нағиман апамның қасынан шықпай қойғаны бар.

Нағиман апам 1994 жылы күзге салым қайтыс болды. «Мен өмірден көшкен күні абысыным (менің шешемді айтады) қасымда болып, аяқ-қолымды жазса» деп айта беруші еді. Ол ойы орындалмады. Өйткені, сол шақта шешем өзі де қатты ауырып, екі дүниенің ортасында жатқанды. Әбдіке Асанов бастаған ақынның ет жақын туыстары аналарын Қарасазға әкеліп жерледі. Ал, Мұқағалиның 80 жылдық тойы қарсаңында ел тізгінін ұстаған азаматтар бас болып, ақын анасының басына алыстан мен мұңдалап көрінетін кесене орнатты. Бұл үшін оларға ел-жұрттың алғысы шексіз.

Нағиман апамыздан кейін өмір сүрудің өзі заңға сыймайтындай, ақынның аяулы жары Лашын да, Тоқтарбай мен Көрпеш те, Бақыт жеңгей де, тіпті менің аяулы анам да бірінін артынан бірі бұл дүниеден өте шықты. Ақынның 80 жылдық тойының өтуіне бір жыл қалып, дайындық жұмыстары қолға алынып жатқан тұста Әбдіке аға дәм жазып біздің үйге келгені бар. Дастарқан басындағы әңгіме үстінде өзінің сол той комиссиясының құрамына енгенін, тойдың шақыру белетінің біреуін маған міндетті түрде бергізетінін айтып аттанған. Айтпай келіп аяқтан шалатын ажал шіркінге дауа бар ма. Абзал ағаға тай-құлындай тебісіп бірге өскен ақын досының тойын көруге үлгіртпей, алдына салып, айдап жүре берді.

Жалпы Мұқағали жайында жазылар естеліктер әлі де жалғаса береді десем қателеспеймін. Ал бүгін қолыма қалам алып, Мұқағали өзі туралы емес, өзім көріп, ақ тілеуі сөзі мен ықыласына бөленген Нағиман ана жөнінде есімдегілерді қағаз бетіне түсіргенді жөн санадым.

Ж. ТӘЛПҰЛЫ,
Қазақ журналистикасының қайраткері,
Райымбек ауданы.

Ауыл өнерпаздары

Мақсат-халық әндерін жаңғырту

Сонымен мен ауылдағы жақсы ән айтатын әжелермен жеке-жеке сөйлесіп, ансамбль құруды қолға ала бастадым. Мұндағы мақсатымыз ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, ұмыт болып бара жатқан халық әндерін жаңғырту еді. Күлімжан Мұқашқызы маған көмектесіп, моральдық және материалдық тұрғыда демеушілік жасады. Балаларымыздың көмегімен өзімізге костюм тіктік.

Айтуға оңай болғанымен бұған да біраз уақыт кетті. Сөйтіп, 2024 жылы «Алға» әжелер ансамблі құрылды. Сол жылдың наурыз мерекесінде тұңғыш рет халық алдына шықтық. Содан бері ауылда өткізілген әрбір мерекелік шараларда ән айтып келеміз. Жерлестеріміз

бізді жақсы қабылдады. Өткен жылы балаларымыздың демеушілік жасауымен ҚТК телеарнасының «Кел шырақайық» сайысына қатысып, Алғыс хатпен марапатталып, елге таныла бастадық. Сонымен бірге бізге Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының депутаты, «Алматы облысы оқу-ағарту және бюджеттік ұйымдары қызметкерлерінің Еңбекшіқазақ аудандық филиалының төрағасы Нәдірбаев Серік Дүйсебайұлы да демеушілік жасап, репетиция жасау үшін ауылдағы өзінің спорт клубының бір бөлмесін босатып берді. Музыкалық жетекшіміздің айлық жалақысын төлеп берді.

Енді ансамбль мүшелеріне келетін болсақ, олардың барлығы әр салада еңбек етіп, зейнетке шыққан ауылдың қадірменді аналары. Олардың қатарында Шағырова Гүлфайра, Мұқашева Күлімжан,

Ақанбаева Райхан секілді ардагер ұстаздар, Сатыбалдиева Назхан секілді медбике, Дандыбаева Күлтай, Төлепбергенова Жұмакыз секілді бала бақша тәрбиешілері, есепші Шабарова Сауле, көп балалы ана Құсаинова Гүлжар, музыкалық жетекші Ахметова Салтанат бар. Қай-қайсысының арнайы музыкалық білімі жоқ болса да, қазақтың ән-күйін жаны сүйетін, өнерге жақын жандар. Ансамбльге өзім жетекшілік етемін.

Қазірше репертуарымызда оншақты ән бар. Ансамбльдің құрылғанына бір жыл болып қалды. Алдағы уақытта репертуарымызды басқа да әндермен байытуды жоспарлап отырмыз. Ел арасында, әсіресе жастарға халық әндерін дәріптеп, маңызылығын түсіндіріп, олардың бойына ұлттық құндылықтарымызды сіңіре алсақ, ештеңеден ұтылмаймыз деп ойлаймын. Ең бастысы, мақсатымыз айқын, бағытымыз тұзу.

Тоты ЫНТЫҚБАЕВА,
Еңбекшіқазақ ауданы.



Итоги

Шахматисты – это очень здоровая часть общества!

Сегодня, в начале нового 2025 года, мне хотелось бы поговорить на спортивную тему, так как наша областная газета «Алатау ардагері» уделяет большое внимание этому важному направлению жизни региона. В прошлом году у нас было много публикаций по прошедшим турнирам по джиу-джитсу, успехам спортивного клуба имени генерала армии, Халык Кахарманы Сагадата Нурмагамбетова.

Вторые по частоте упоминаний в СМИ – шахматы, о них мы писали также не единожды. В связи с этим, мы попросили поделиться мнением одного из активных популяризаторов древней интеллектуальной игры, члена ФИДЕ, руководителя шахматного клуба «Дебют», члена комиссии ветеранов Федерации шахмат Алматинской области, лучшего старшего тренера федерации за 2024 год, ветерана Афганской войны Карлыгаша Сейтова.

Корр.: Карлыгаш Тосымханулы, примерно год назад Вы дали свое первое интервью нашей газете. Какие изменения произошли за это время? Какое событие Вы бы отметили особо?

К.Сейтов: Событий было много. Мы работали согласно плана нашей областной федерации шахмат, возглавляемой председателем Сарсенгали Джанкуатовым.

За год мы провели по календарному плану Кубок области в пяти районах области. Особой целью было поднять уровень шахмат в отдаленных районах области, таких, как: Балхаш, Чунджа, Кеген и т.д. Так, в селе Нарынкол, я принимал участие в турнире как игрок в группе ветеранов «+ 63» и занял там 1 место. К слову, простите за нескромность, мой 12-летний внук Нурдаулет в своей категории занял на этом турнире 2-е место.

Но особо бы я выделил отборочный этап шахматного турнира Senat Open.

Это соревнование инициировано республиканской Федерацией шахмат, возглавляемой Тимуром Турловым при поддержке Сената Казахстана.

Шахматный марафон прошел во всех регионах Казахстана и 25 человек получили право выступить в полуфинале в Астане, за главный приз - Кубок Сената. Тройку победителей как известно, заняли шахматисты из Астаны, Шымкента и Павлодара. Алматинская область не заняла, к сожалению, призовое место, но наши финалисты обрели колоссальный опыт и повысили личные рейтинги ФИДЕ. Senat Open, говорят, будет ежегодным.

В Талгарском районе также прошли товарищеские встречи между Талгарским и Карасайским районами по шахматам среди команд с участниками в возрасте «до 18», в возрасте «от 18 до 62» лет. Выявляли сильнейших и среди ветеранов, чей возраст «свыше 63!»



Прошли традиционные соревнования третьего международного шахматного турнира «Қонаев CUP -2024», где приняли участие более 200 участников от 6 до 60 лет. В их числе были представители США, России, стран Центральной и Юго-Восточной Азии, Казахстана. Организаторами турнира выступили акимат Алматинской области, Управление физической культуры и спорта Алматинской области, Казахстанская федерация шахмат, филиал по Алматинской области, а ваш покорный слуга был на данном турнире судьей. В Алматы прошел чемпионат республики «Ауыл спорт 2024».

Корр.: Не ошибусь, если скажу, что шахматное сообщество высоко оценило прошедший 7 декабря 2024 года, накануне Дня Независимости, открытый чемпионат по шахматам города Алатау, прошедший в селе Коян кус.

К.Сейтов: Да, верно. Это была инициатива, с которой наши энтузиасты шахмат вышли к руководству нового города Алатау. Пользуясь случаем, хотелось бы, от лица всей шахматной общественности района и области поблагодарить акима города Алатау Аркена

Хамитовича Утенова, а также секретаря районного маслихата Розу Михайловну Абилову, заместителя акима города Гульбану Насипбаеву и многих других, оказавших нам всестороннюю поддержку в подготовке крупного турнира, привлечении меценатов и волонтеров, в содействии транспортных и организационных моментах соревнований. А теперь о самом турнире. На данный турнир съехались шахматисты Жамбылской, Жетысу, Алматинской областей, всего 150 человек. 76 шахматистов получили рейтинг FIDE ID. Поясним, что это идентификационный номер шахматиста в международной федерации шахмат. 13 шахматистов получили рейтинг Рапид FIDE (быстрые шахматы), 22 шахматиста подняли рейтинг в этой категории. В целом, в жизни Алматинской области подобный открытый чемпионат города Алатау - это очень большое достижение для популяризации шахмат среди населения. По нашим подсчетам, такого не



было у нас 25 лет! Очень надеемся, что подобные турниры проведут акиматы Отеген батыра, Талгара, Каскелена, Есыка. Это не требует больших финансовых и организационных затрат, но обеспечит массовость увлечения интеллектуальной игрой. Как известно, наш президент Касым-Жомарт Кемелевич Токаев в одном из интервью сказал: «Замечено, что те дети, которые занимаются шахматами, абсолютно далеки от разного рода вредных занятий. Шахматисты – это очень здоровая часть нашего общества!»

Корр.: Ну, в заключении, какие планы у клуба на текущий год, как Вы оцениваете его достижения и свои личные?

К.Сейтов: Я свой клуб «Дебют» вижу успешным, дающим большие надежды на будущее. Например, на чемпионате города Алатау по возрастным категориям награждены были 10 участников и из них 9 человек – мои ученики! Что касается личных достижений? Благодарностей, дипломов хватает, хвалиться не привык, но, видимо, есть тут и мой скромный труд. В сентябре прошлого года назначен старшим тренером по шахматам города Алатау. По итогам работы за 2024 год был признан областной федерацией шахмат «Лучшим старшим тренером». Это почетно, но в первую очередь, это большая ответственность! В планах продолжать начатую работу и также, вместе с моим помощником, Ануарбеком Садвакасовым, параллельно будем обучать детей национальному виду спорта тогызкумалаку.

Пользуясь случаем, поздравляю акимат города Алатау, всех коллег-судей, любителей шахмат города Алатау и области, учеников, их родителей с Новым годом!

Рамазан ЕЛЕШЕВ,
город Алатау

Дәрігер кеңесі

БАЛАЛАР ОЙЫНШЫҚТАРЫ ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚАУІПТІ?

Баланың жаңа ойыншықты қолына алғандағы қуанышын ештеңемен салыстыруға болмайды. Ойыншықтар қиялды, моториканы және элеуметтік дағдыларды дамыту үшін маңызды. Дегенмен, бұл қуанышпен бірге жауапкершілік те келеді: әрбір сатып алу қауіпсіз болуы тиіс. Қазіргі заманғы нарықта балалар ойыншықтарының алуан түрі бар. Балаларға тек қызықты ғана емес, алайда оларға пайдалы болатын ойыншық таңдау оңай емес. Бұл ретте ойыншық баланың жасына сай әрі қауіпсіз болуы керек.

Ойыншық сізге өзі туралы ештеңе айта алмайды, сондықтан оның таңбалануына, әсіресе шетелдік өнімдерге ерекше назар аударған дұрыс. Көптеген ата-аналар бұл жайында ұмытып жатады. Қауіпсіз ойыншықты таңдаудың басты шарты - сатушыдан оның сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын тиісті сертификатты талап ету. Сертификаттың болуы ойыншықтардың зертханада зерттелгенін және химиялық, радиациялық, токсикологиялық тексеруден өткенін көрсетеді. Сонымен қатар, ойыншықтардың таңбалануына мұқият мән беру керек, өйткені, таңбалауда ойыншықтың атауы, шығарылған ел атауы, өндірушінің аты мен орны, дайындаушының тауар белгісі (бар болса), ойыншықтың шикізаты, қандай жастағы балаға арналғандығы туралы пиктограмма, жарамдылық мерзімі, қажет болған жағдайда сақтау шарттары, ойыншықты қолдану кезіндегі қауіпсіздік шаралары, ескерту жадынамалары, ойыншықты куту тәсілдері (қажет болған жағдайда) көрсетіледі. Ал егер, ойыншық шығаратын дыбыстарға назар аударыңыз, олар дыбыстар нәрестені қорқытпауы тиіс.

Бүгінгінің баласы шыбықты ат қылып мініп, асық ойнап, алыспайды. Қаладағысын айтпағанда, ауылда өсіп жатқандардың өзі көк жәшікті айналсоқтап, телефонға телміреді. Мұндайда төрт қабырғалы бөлмеден аттап шыға алмайтын қаланың баласын тіпті де аяп кететінің рас. Ашық аспанның астында асыр салып ойнай алмаған бала еріксіз мультфильмдерді мүлт жібермейді, ойыншықтарды алданып етеді.

Ойыншықтарды сатып алу – бұл қуаныш пен қамқорлықтың арасындағы таңдау ғана емес, сонымен қатар, ата-ананың жауапкершілігі. Есіңізде болсын, ойыншықтар пайдалы және қауіпсіз болуы керек, өйткені, балалардың денсаулығы мен әл-ауқаты – ата-ананың басты міндеті!

ҰНДЫ ФОРТИФИКАЦИЯЛАУ НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?

Темір тапшылығы анемиясының жағдайы елдегі басты проблемалардың бірі болып қала береді. Темір тапшылығы анемиясын шешудің маңызды әдістерінің бірі – тек фортификацияланған ұнды сату.

Фортификациялау (байыту) – бидайды ұнтақтау кезінде ұнға премикс деп аталатын витамин-минералды кешеннің аз мөлшерін енгізу процесі жүргізіледі, бұл ұнның сапасы мен тағамдық құндылығын арттырады. Бір тонна ұнға 150 грамм премикс қосылады, яғни, ұн құрамында темір, фолий қышқылы, В1, В2 дәрумендері мен мырыш сияқты пайдалы микроэлементтерден тұратын дәрумендер бар болады.

Витаминдер мен минералдар қоректік заттар жетіспеушілігінің, оның ішінде темір тапшылығы анемиясының, бірқатар аурулар мен туа біткен кемістіктердің алдын алуға ықпал етеді. Оларды қалпына келтірудің ең тиімді тәсілі – тамақты, оның ішінде ұнды витаминдермен және микроэлементтермен байыту болып табылады. Ұн - бұл фортификация үшін өте ыңғайлы өнім, өйткені ол жаппай тамақ өнімдерінің қатарына кіреді және ұннан жасалған өнімдерді емес нақты ұнды фортификациялау тұтынушылар шеңберін кеңейтуге мүмкіндік береді.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексінің 111-бабына сәйкес темір тапшылығы жағдайларының алдын алу бойынша талаптар регламенттеледі, онда белгілі бір сұрыпты ұнды микроэлементтермен және витаминдермен міндетті түрде байыту көзделген.

Қазақстан Республикасының аумағында сатылатын

жоғары және бірінші сұрыпты бидай ұны құрамында темірі бар витаминдермен, минералдармен және басқа да заттармен міндетті түрде байытылуға (фортификациялануға) жатады.

Тек байытылған ұнды сатып алу және келесілерге назар аудару ұсынылады:

- 1) ұнды таңбалау мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылады және байытылған ұн үшін мынадай ақпаратты қамтуға тиіс:
 - үлкен әріппен «байытылған» сөзі;
 - қоспаның атауы;
 - тағамдық және энергетикалық құндылығы;
 - ұндағы қоспа элементтерінің құрамы мен сандық құрамы;
 - тікелей күн сәулесі түспейтін жерлерде сақтаңыз;
 - сертификаттау туралы ақпарат;
 - «Қазақстан Республикасында жасалған» немесе «Қазақстанда жасалған» деген жазу. Фортификацияланған ұн салынған қаптамаға белгіленген тәртіппен бекітілген стандартты фортификацияланған өнім логотипі қолданылады.
- 2) іске асыру шарттарына. Ұнды дұрыс сақтау үшін ауаның оңтайлы ылғалдылығы – 60-70%, ал қолайлы температура +5-тен +18°С-қа дейін болуы керек. Сөрелердегі қатарларда қабырғалардан 70 см қашықтықта, еденге дейін кемінде 15 см қашықтықта, қатарлар арасындағы алшақтық кемінде 75 см болғанда ұсынылатын температура +5-тен -15°С-қа дейін болуы тиіс.

Н.МЕДЕТОВ,
«Қонаев қаласының СЭББ» РММ басшысы.

АЛАТАУ Ардагері
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі
Алматы облыстық филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:
Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310

ТІЛШІЛЕР:
Алтынбай Сықымбек
Тел.: 8 705 965 3661

Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.

Газет «Алматы-Бошақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.
«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 6060
Тапсырыс №295
Индексі – 65472.